



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

себепші елдегі мемлекеттік тілді дамытудағы іс-шаралар және орыс ұлтының Ресейге көшіп кету үрдісінің шапшандығы. Сонымен қатар, орыс тілінде білім берудің біртіндеп қысқаруы және жас ұрпақтың ой-санасының кеңестік сипаттан алшақ болуы. Ресей бұл үрдістерге жол бермеу мақсатында іс-шаралар жүргізуге кірісті. Орыс тілінің тарылуын тежеу мақсатында батыл қадамдар жасамаса бұл үрдіс өте шапшаң түрде дамымақ.

Дегенмен, соған қарамастан, орыс тілінің мәртебесін ТМД деңгейінде ресми дәрежеге жеткізу енді келмеске кеткен сынды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Электронный ресурс. URL : <http://www.demoscope.ru/weekly> (сілтеме жасау күні 21.03.2018)
2. Арефьев А.Л. Русский язык на рубеже XX-XXI веков. - М.: Центр социального прогнозирования и маркетинга, 2012. - 450 с.
3. Лобанова Л.А., Могилева И.Б. Статус русского языка на постсоветском пространстве // Вестник МГИМО. 2008. №3. С. 82.
4. Ресей ықпалы мен орыс тілі аясы тарылады. URL: https://www.azattyq.org/a/press_review_russia_russian_language/28526266.html (сілтеме жасау күні 24.03.2018)
5. Орыс тілінің мәртебесін ресми дәрежеге жеткізу енді болмайды. URL: <https://www.qazaquni.kz/2016/12/11/61836.html> (сілтеме жасау күні 24.03.2018)
6. Институт диаспоры и интеграции (Институт стран СНГ). Сохранение и укрепление позиций русского языка на постсоветском пространстве в контексте внешнеполитической стратегии России / Под рук. К.Ф.Затулина. М., 2011. С.120.

УДК 327(574)

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СЫРТҚЫ СТРАТЕГИЯСЫНДАҒЫ ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ САЯСАТТЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТАРЫ

Қиюбек Жаңылсын

kiyubek@gmail.com

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті халықаралық қатынастар факультеті, аймақтану кафедрасының 4 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі- Ж.Е.Нурбаев

XXI ғасырдың бірінші ширегінде энергоресурстар кез келген мемлекеттің дамуындағы маңызды фактор болып табылады. Сондықтан, энергетика саясатын іске асырудағы халықтың қызығушылығына байланысты да әлем мемлекеттері үшін өзекті мәселе болып отыр. Қытай Халық Республикасы үшін энергетикалық фактор экономикалық қауіпсіздіктің маңызды бөлігі, себебі мемлекет қажетті энергетика ресурсының 40%-ын импорттайды. Экономикалық ілгерілеудің тежелуіне қарамай, Қытай әлемдік энергетикалық рыноктағы өз позициясын сақтап келеді: 2015 жылы қытайлық мұнай импорты бір күнде 7 млн. баррелді құрап, рекордтық деңгейге жеткен болатын. Бүгінде Қытай үкіметі алдында 1,3 млрд. адамды энергоресурсымен қамтамасыз ету міндеті тұр. Және бұл міндет шынымен де алаңдатушылық туындатып отыр, себебі мұнайды табу қарқыны оған деген сұраныстан гөрі жай қарқынмен жүріп жатыр. Осындай шарттар энергетикалық стратегияның жан-жақты құрылуын талап етеді. Осыған байланысты Қытай елдің энергетикалық рыногін тұрақты ұстау мақсатында шаралар қабылдап жатыр.

Қытайдың энергетикалық стратегиясы келесі міндеттерден тұрады: мұнай-газ қорына төмен бағалардың сақталуы, ҚХР-на мұнайдың шетелден тұрақты тасымалдануы, өз елі ішінде мұнайды өндіру деңгейін жоғарылату және энергетикалық ресурстар туралы ғылыми білім сапасын арттыру. Жалпы Қытайдың энергетикалық саясатын екі құраушы аспектіге

бөлуге болады: ішкі аспект- тасымалдаушы мемлекеттерге тәуелділікті төмендету үшін мемлекет ішіндегі энергоресурстарды тұтынуды азайту; сыртқы аспект- көмірсутегін тасымалдаушы-мемлекеттермен байланысты күшейту. 1980 жылғы реформадан кейін Қытай энергоресурстарымен өзін-өзі қамтамасыз ету шараларына кіріскен болатын. Алайда бұл бағыттағы қозғалыс ұзаққа бармады [1].

Энергетикалық қауіпсіздікті арттырудың бір жолы ретінде Қытай өз мұнайын сақтаудың жолына кірісті. Бұл үшін Қытай 2003 жылы Шанхай, Чжоушань, Хуандо және Далян секілді төрт жағалау қаласына мұнай сақтау қоймаларын орналастыра бастады. Қазіргі таңда 100 млн. Баррельге (14 млн. тонна) жуықтайтын бұл стратегиялық мұнай қорын үш есеге көбейту жоспарлануда. Қытай 2009 жылдан бастап мұнайды сақтау үшін төрт сақтау орнына қосымша сегізін салуға кірісті. Болжамдарға сәйкес бұл орындар Гансу провинциясындағы Ланжоу, Шыңжан провинциясындағы Шаншан және Хебеу ауданындағы Таншанда салынатын болады. Пекин бұл шешімін келешек 20 жылда энергия тұтынысының артуына байланысты шығарған болатын. Энергетика министрі Чжан Гобао «Женьмин Жибао» газетінде мақала жариялаған. Ол мақаласында әлемдегі мұнай бағасының артуын қолдану және Қытайдың мұнай қорларын арттыруы қажеттігін жазған [2]. 2011 жылы бұл қорлар тек теңіз жағалауындағылардан бөлек елдің ішкі аймақтарында да салу жоспарлануда. Жоба аяқталғанда 2020 жылы елдегі мұнай қорлары Қытайдың импорттаған 100 күндік мұнай көлеміне тең болады және бұл шамамен 85 млн. тонна шикі мұнай деуге болады [3].

Энергия сұранысын қамтамасыз ету үшін қазба байлықтарынан өзге жолдарды іздеген АҚШ секілді Қытай да ұлттық атом энергетика жобаларын дамытуды көздеп отыр.

Соңғы 15 жылда Қытайда энергоресурстарға деген сұраныс белсенді өсіп келе жатқанын атап өту керек. Сол себепті Қытай Африкамен де байланысын күшейтіп келеді. Ондағы қытайлық компанияларын мұнай жобаларына тарту әрекеті байқалады. Егер бұрын Қытай тұтынылатын энергияның 50%-ын Таяу Шығыс елдерінен импорттайтын болса, қазіргі күні ресурстардың қайнар көздерін бүкіл әлемнен іздестіріп, тасымалдау шеңберін кеңейтіп келе жатыр. Негізінде, Қытай Ресей, Қазақстан және Түркіменстан мемлекеттерімен серіктесуге ниетті екенін көрсетіп отыр. Бірақ бұл Қытай Батыс Азияға қызығушылығын жоғалтты деген сөз емес. Керісінше, «жұмсақ күш» саясатын әрі экономикалық тұтқаларын пайдалана отырып аталған аймақтағы өз позициясын орнатып келеді. Мұндай іс-әрекеттер Қытайдың энергетикалық саясатының құраушы бөліктерінің бірі болып отыр. Осы жерден көріп отырғандай, энергетикалық қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуі Қытайдың халықаралық аренадағы рөлін күшейтуге бағытталған жаһандық стратегияның бір бөлігі. Жалпы ҚХР қажетті инфраструктураны құбыр жолдарын, инвестициялық жобаларды, достық қарым-қатынасты құру арқылы әлемнің барлық қол жетімді аймақтарында әрекет етуге тырысып келеді [4].

Қытай мұнай-газ тасымалын реттеу үшін ел ішілік және шет елдік Орталық Азия, Парсы Шығанағы және Ресейдегі құбыр жолдарын сатып алу мақсатында қомақты қаржы жұмсауда. Мұның мақсаты Қытайдың мүмкіндігі мен қытайлық сарапшылардың сынағын еске ала отырып Қытайдың Орта Шығыстан тасымалданатын мұнайдың қауіпсіздігі үшін қысқа мерзімде мұхиттық флот құру мүмкіндігінің болмауы дей аламыз.

Шет елдерде жұмыс жасаушы қытайлық мұнай компанияларының негізгі ерекшеліктері бұлардың іс-жүзінде нәтижелі болуы. Біріншіден, Қытай компаниялары зерттеу шығындарын азайту үшін өндірісті бастады немесе энергия қоры табылған жердің акция пакеттерін сатып алды. Екіншіден, шетелдік серіктесі бар компанияларда Қытай жағы мүмкіндігінше бақылау акциясын сатып алуға немесе ортақ компанияны түгелімен сатып алуға тырысады. Қытай компанияларының аталған ерекшеліктері Қытайдың энергетикалық қауіпсіздікке аса мән беретінін көрсетеді. Сенімді бақылау орнатыла алмаған жағдайда шешім жаһандық энергия көздерін әр тараптандыру арқылы реттеледі. Бұл үшін энергия көздеріне бай елдерге (Иран, Ирак, Судан, Сауд Арабиясы) қару-жарак, тіпті кейде зымыран технологиясын да сатуда. Орталық Азия елдерінен энергия тарта білген Қытай ШЫҰ арқылы

әскери ынтымақтастық мәселесін де жолға қоя білді.

Осынау шеңбер аясында Қытай үшін Орталық Азия қорлары Ресейдегі энергия қорлары секілді ең оңай қол жетімді болуымен ерекшеленеді. Сонымен қатар Қытайдың Ресей мен Шығыс Сібірден елдің солтүстік-шығысына мұнай құбырын салу әрекетінің нәтижеге жете алмауы, аймақтың тұрақсыздығына байланысты Орта шығыстан тасымалданатын мұнайға деген аландаушылық, Шыңжанның мұнай мен газ саласындағы негізгі өндіру аймағына айналуы Қытайдың Орталық Азия елдерімен ортақ энергетикалық жобалар жасауға тырысуына ықпал етті. Сондай-ақ, Қытай үшін Орталық Азия энергия көздері мен тасымал жолдарын әр тараптандыру тұрғысынан маңызға ие. Яғни, бұл аймақ АҚШ-тың бақылауындағы теңіз жолына қарағанда сенімді. Географиялық жағдайына байланысты аймақтың АҚШ-пен салыстырғанда Қытаймен энергетикалық ынтымақтастыққа кіру ықтималдығы жоғары. 1997 жылы Қазақстанмен жасалған келісімшарт арқылы Қытай елге энергетикалық салалардағы түрлі жобалар үшін жалпы көлемі 11 млрд. АҚШ доллары инвестиция салуға уағдаласты. Орталық Азия елдерінде белсенді жұмыстар бастаған Қытай компаниялары ең көп жұмыс істеуші Қазақстанда шамамен 20 млн. тонна мұнай өндіруде. Қытай ұлттық мұнай компаниясы CNPC 2007 жылдың соңында Қазақстандағы екінші ірі мұнай өңдеуші компания болды.

Қытайдағы сәтті экономикалық реформа саясаты, 2000 жылдары жыл сайын 10% -ке дейінгі деңгейді ұстап отырған ЖІӨ-нің қарқынды өсуі қытай үкіметіне елдегі әлеуметтік және экономикалық қарама-қайшылықты реттеуге зор мүмкіндік берді. Алайда 2000 жылдардың соңына қарай қазіргі экономикалық даму моделінің бұзылуы басталды. Қытай экономикасы дамуының тежелуі орын алған себептер мен салдарлардың көптеген күрделі мәселелерді тудырды. Әсіресе, экономикалық дамудың әсерінен ақшалары еселенген қытайлықтар мен миллиондаған кедей халықтың арасында әлеуметтік қайшылықтар орын алды. Алға қарай дамуға ұмтылған үлкен кеменің ішінде әлеуметтік дестабилизацияға әкелетін миллиондаған халықтың болуы қауіп туғызатыны анық [5]. Дегенмен де әлеуметтік тұрақтылықтың орын алуын қытайлық үкімет тек экономиканың тұрақты дамуымен байланыстырады. Экономиканың дамуының негізгі шарты энергетикалық ресурстарға, әсіресе мұнай мен газға деген қолжетімділік болып отыр.

Қорытындылай келе, келесідей болжамға келуге болады: Қытай қазіргі күні әлемдегі ең үлкен энерготұтынушылардың бірі ретінде, сыртқы әлеммен тығыз байланыс орнатқан. Мемлекеттің мұндай жағдайы әлемдік экономиканың дамуына айтарлықтай ықпал жасайды. Сондықтан, өз позициясының күшеюіне байланысты, экономиканың тежелуіне қарамастан, қытай басшылығы ұлттық қызығушылықтарын ескере отырып, энергетикалық саясатын барынша тиімді іске асыруға ұмтылуда. Бұл саясатын жүзеге асыруда Қытайда бірнеше жол бар. Мысалы, сыртқы ойыншыларға тәуелділігін төмендету үшін энергия тұтынуды азайтудан бастап, экспорттаушы-мемлекеттерге несие беру мен инвестиция құю арқылы сол мемлекеттердегі беделін сақтап қалу мен энергетикалық ресурстарға тікелей қол жеткізуімен аяқтауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Молодой Ученый, международный научный журнал, ISSN2072-0997, 2016 X бөлім, Бахтиярова А. Ж. ҚХР –ның энергетикалық саясаты, 967 бет.
2. “ChetyreBazyDljaNeftezapasovPolnost'juZapuwenyVJekspluataciju (PetrolRezervleriİçinTesislerin İnşası Tamamlandı),” <http://russian.china.org.cn/business/txt/2009-02/05/content_17230504.htm>, (Erişim: 05.02.2009).
3. KitajPlaniruetUvelichit' StrategicheskijZapasNefti Do 85 MillionovTonn k 2020 Godu, <<http://www.russian.china.org.cn>> (Erişim: 19-01-2011).
4. Молодой Ученый, международный научный журнал, ISSN2072-0997, 2016 X бөлім, Бахтиярова А. Ж. ҚХР –ның энергетикалық саясаты, 967 бет.
5. Stephen Blank, “China, Kazakh Energy and Russia: An Unlikely Ménage a Trois”, The China and Eurasia Forum Quarterly, Cilt: 3, Sayı: 3, Kasım 2005, ss. 101-102.